

Бекітілді:



«Степногорск көпбейінді қалалық ауруханасы» ШЖҚ МКК
бас дәрігері

Ищукова О.М.

2021 жыл

**«Степногорск көпбейінді қалалық ауруханасы» ШЖҚ МКК
ақылы медициналық және медициналық емес қызметтер көрсету туралы
ереже**

1. Жалпы ережелер

1. Осы ереже ақылы медициналық және медициналық емес қызметтер көрсету жөніндегі «Степногорск көпбейінді қалалық ауруханасы» ШЖҚ МКК (бұдан әрі – Ұйым) ақылы медициналық және медициналық емес қызметтің тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгілейді.

2. Ақылы медициналық қызметтер көрсетудің мақсаты халықтың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінен тыс және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру көлемінен тыс көрсетілетін медициналық көмектің әртүрлі түрлеріне қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

3. 2011 жылғы 12 сәуірдегі Ақмола облысы Әкімінің қаулысымен бекітілген Жарғы және Ақмола облысы Денсаулық сақтау басқармасымен 2011 жылғы 27 тамыздағы берілген № 00670DC ЛП медициналық және дәрігерлік қызмет түрлері бойынша Мемлекеттік лицензияға және оның қосымшаларына сәйкес медициналық қызметтер көрсетуге жол беріледі.

4. Ақылы медициналық қызметтер көрсету келесі нормативтік құқықтық актілермен регламенттеледі:

- «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-ІУ Қазақстан Республикасының Заңы;

- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 07 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексі;

- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексі;

- «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 қазандағы № 672 қаулысы;

- «Денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызметтер көрсету қағидаларын және ақылы медициналық қызметтер (көмек) ұсыну жөніндегі шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығы.

5. Ұйым 1-қосымшаға сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі-ТМККК) шеңберінде және міндетті әлеуметтік

медициналық сақтандыру (бұдан әрі-МӘМС) шеңберінде медициналық қызметтер көрсетеді.

6. Ұйым 2-қосымшаға сәйкес ақылы негізде медициналық қызметтер көрсетеді.

7. Дәрілік қамтамасыз ету ТМККК және МӘМС шеңберінде 3-қосымшаға сәйкес бекітілген Формулярға сәйкес жүзеге асырылады.

8. Мамандардың қабылдау кестесі, ақылы медициналық қызмет көрсететін медициналық қызметкерлердің біліктілігі туралы мәлімет 4 -қосымшаға сәйкес.

9. Қолданылатын жабдықтар мен жұмыс кестесі туралы мәлімет 5-қосымшаға сәйкес.

10.6-қосымшаға сәйкес орындалған жұмыстар актісінің нысаны.

11. Ақылы медициналық қызметтер көрсетуге қатысатын мамандардың еңбегіне ақы төлеу 7-қосымшаға сәйкес әрбір бөлімше бойынша орташа алғанда, **бірақ 20% - дан** аспайтын қызметтің жалпы құнына еңбек шығынына пайыздық қатынаста жүзеге асырылады.

2. Ақылы медициналық қызметтер көрсетудің шарттары мен тәртібі

12. Пациенттерге ақылы медициналық қызметтер көрсету мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) пациенттердің бастамасы бойынша, оның ішінде бастапқы және қайталама деңгейдегі мамандардың жолдамасынсыз диагностикалық және емдеу қызметтерін көрсету кезінде;

2) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінен тыс және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету;

3) денсаулық сақтау ұйымының дәрілік формулярына енгізілмеген дәрілік заттармен емдеу;

4) Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесіне және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің тізбесіне кірмейтін және медициналық көрсетілімдерсіз медициналық зерттеулер жүргізу;

5) Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінде көзделмеген және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру көлемінен тыс медициналық зерттеп-қарау кезінде жасалуы мүмкін;

6) шарт бойынша, оның ішінде ерікті медициналық сақтандыру бойынша медициналық көмек көрсету;

7) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» Кодекстің 83-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға медициналық көмек көрсету кезінде;

8) азаматтарды жұмысқа және оқуға түсу үшін медициналық тексеру кезінде;

9) профилактикалық тексерулер жүргізу кезінде;

10) профилактикалық дезинфекция, дезинсекция және дератизация бойынша қызметтер көрсету;

11) амбулаториялық науқастарға консультациялық-диагностикалық қызметтер көрсету;

12) қосымша сервистік көрсетілетін қызметтері бар жекелеген палаталарды ұсыну;

13) өзге де қызметтерді ұсыну.

13. Ұйым бекітілген ішкі тәртіпке, жұмыс режиміне, мамандарды қабылдау кестелеріне сәйкес медициналық, оның ішінде ақылы қызметтер көрсетеді.

14. Бюджет қаражаты есебінен сатып алынған медициналық жабдық кестеге сәйкес ақылы медициналық қызметтер көрсету кезінде пайдаланылады.

15. Ұйым денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін диагностика және емдеу стандарттарына (хаттамаларына) сәйкес, ал олар болмаған кезде жалпы қабылданған тәсілдерге сәйкес медициналық айғақтар бойынша медициналық қызметтер, оның ішінде ақылы қызметтер көрсетеді.

16. Ұйым, сондай-ақ тікелей қызмет көрсететін маман Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады:

- медициналық қызметтерді сапасыз көрсеткені үшін;
- шарттардың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін,
- пациенттің денсаулығы мен өміріне зиян келтірілген жағдайда;
- көрсетілген қызметтер үшін артық ақы алу;
- ТМҚКК-ге кіретін қызметтерді көрсеткені үшін ақы алу;
- табыс алу мақсатында диагностикалық және емдік манипуляцияларды негізсіз тағайындау, оның фактісі медициналық қызметтердің сапасын бақылау саласындағы мемлекеттік орган жүргізетін тексеру кезінде анықталғанда.

17. Пациенттерді ақылы негізде емдеуге жатқызу кезінде пациентпен шарт жасалады, онда стационарда болу қағидалары мен шарттары, емделу құны мен ақы төлеу тәртібі, тараптардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесі ұйымдарында ақылы медициналық қызметтер көрсету қағидаларына және оларды көрсетуден түскен қаражатты пайдалану тәртібіне қосымшаға сәйкес көрсетіледі.

18. Егер ақылы медициналық қызмет көрсету кезінде ақылы негізде шартта көзделмеген қосымша медициналық қызмет көрсету талап етілген жағдайда, ұйым бұл өзгерістер туралы пациентке ескертеді.

19. Егер ақылы медициналық қызметтер көрсету кезінде денсаулыққа елеулі зиянды болдырмау және өмірге төнген қатерді жою үшін кезек күттірмейтін медициналық араласуды қажет ететін кенеттен болған жіті аурулар, жай-күйлер, созылмалы аурулардың асқынуы кезінде пациентке шұғыл медициналық көмек көрсету талап етілетін жағдайда, мұндай медициналық көмек ақы алынбай ұсынылады.

20. Пациенттерді ақылы негізде емдеуге жатқызу денсаулық сақтау ұйымдарының ақылы бөлімшелерінде (палаталарында) жүзеге асырылады.

21. Пациенттерді денсаулық сақтау ұйымының дәрілік формулярына енгізілмеген дәрілік заттармен қамтамасыз ету пациенттің жазбаша келісімімен ақылы негізде жүзеге асырылады.

22. Ақылы негізде медициналық көмек алған пациенттерге ауру тарихынан үзінді, көрсетілген медициналық көмек үшін шығыстар туралы ақпарат (орындалған жұмыстар актісі) ұсынылады.

3. Пациенттің құқықтары мен міндеттері

23. Пациенттің құқығы бар:

- медициналық көмек көрсететін медицина қызметкерлерінің біліктілігі туралы ақпарат алуға;
- дәрігерді ауыстыруға;
- емдеуші дәрігерден және бөлімше басшысынан денсаулық жағдайы, жүргізілетін емдеу курсы, диагностика және емдеу көлемі туралы ақпарат алуға;
- денсаулық сақтауды басқару органдарына, медициналық қызметтердің сапасын бақылау жөніндегі органға, белгіленген тәртіппен аккредиттелген тәуелсіз медициналық сарапшыларға жүргізілген емнің сапасына және дәрігерлік тағайындаулардың негізділігіне сараптама жүргізуге жүгіну;
- көрсетілген медициналық қызметтер үшін шығыстар туралы ақпарат алуға;
- осы ережеде көзделген жеңілдіктерді алуға.

24. Пациент міндетті:

- ұйымның ішкі тәртібін, жұмыс режимін сақтауға;
- медицина қызметкерінің ұйғарымдарын орындауға;
- өз денсаулығын сақтауға және нығайтуға шаралар қабылдауға міндетті;
- айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулардың болуы туралы белгілі ақпаратты ұсынуға;
- шарт талаптарын сақтауға;
- көрсетілген қызметтер үшін төлемді уақтылы жүргізуге.

4. Азаматтардың жекелеген санаттары үшін жеңілдіктер туралы мәліметтер

25. Ұйым азаматтардың келесі санаттары үшін ақылы қызметтер құнының 50% мөлшерінде жеңілдіктер береді:

- Степногорск көпбейінді қалалық ауруханасының қызметкерлеріне;
- Ұлы Отан соғысына қатысушыларға патологиялық-анатомиялық қызметтер көрсеткені үшін және оларға теңестірілген адамдарға (тыл еңбеккерлеріне), ауған жауынгерлеріне, Чернобыль АЭС-індегі аварияны жоюға қатысушыларға, аурухана қызметкерлеріне жақын туыстарын (анасы, әкесі, балалары, әпкесі, ағасы) жоғалтқан кезде.

5. Ақылы қызметтер көрсеткені үшін есеп айырысу тәртібі

26. Ақылы қызметтер пациент пен осы қызметтерді ұсынатын бөлімше арасындағы шарт негізінде көрсетіледі. Шарт ақылы қызмет көрсету басталғанға дейін жасалады.

27. Пациенттермен есеп айырысу жүзеге асырылады:

- қолма-қол ақшамен төлеу арқылы, ұйымның кассасы арқылы ақша қаражатын енгізу арқылы, бұл ретте пациентке бақылау-кассалық чек және кіріс ордеріне түбіртек беріледі, кассалық чек пациентте қалады, ал түбіртек медициналық персоналға тікелей медициналық көмек көрсетілетін бөлімшеге беріледі;

- ұйымның ағымдағы шотына аудару жолымен қолма-қол ақшасыз есеп айырысу бойынша.

28. Пациентке төленген сома немесе төленген сома мен көрсетілген қызметтердің құны арасындағы айырма келесі жағдайларда қайтарылады:

-көрсетілген қызметтер көлемі толық болмаған кезде (пациенттің қызметтен бас тартуы себебінен, жекелеген рәсімдер мен манипуляциялардың қарсы көрсетілімдері болған кезде, егер медициналық қызмет реактивтің болмауына, медициналық аппаратураның істен шығуына, маманның болмауына және т.б. байланысты көрсетілмесе).

6. Ақылы қызметтер көрсету бойынша есепке алу мен есептілікті жүргізу тәртібі

29. Ақылы қызметтер көрсету жөніндегі медициналық құжаттама денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысандарға сәйкес келуге тиіс.

Ұйым есепке алу және есептілік үшін қажетті барлық деректемелерді көрсете отырып, қызметтерді тіркеу журналдарының нысандарын әзірлейді және бекітеді. Тіркеу журналдарын жүргізуге жауапты тұлғаларды тағайындайды.

30. Денсаулық сақтау ұйымдары бухгалтерлік есеп пен есептілікті денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен есепке алу саясатына сәйкес ТМККК және МӘМС көрсету және ақылы медициналық қызметтер бойынша бөлек жүргізеді.

7. Ақылы қызмет көрсету үшін жауапкершілік

31. Бірінші басшы көрсетілетін ақылы қызметтердің сапасына, көрсетілген қызметтер үшін ақы алудың дұрыстығына және ақылы қызметтер көрсетуден түскен қаражатты нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға жауапты болады.

8. Ақылы қызметтер көрсетуден түскен қаражатты пайдалану тәртібі

32. Денсаулық сақтау кәсіпорны ақылы медициналық және медициналық емес қызметтер көрсетуден түскен қаражатты жұмсауды шығыстар сметасы негізінде жүзеге асырады.

33. Ақылы медициналық қызметтер көрсетуден алынған қаражат шығындарды өтеуге мынадай тәртіппен жіберіледі:

- ақылы қызметтер көрсетуге тікелей қатысатын әлеуметтік салықты және МӘСҚ-қа аударымдарды, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды ескере отырып, жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеуге; қосымша ақшалай төлемдерге (сыйлықақылар);

- өтемақы сипатындағы ақшалай төлемдерге (сауықтыруға арналған жәрдемақы);

- іссапар шығыстарын төлеуге;

- дәрі-дәрмектерді, шығыс материалдарын және медициналық мақсаттағы өзге де құралдарды сатып алуға;

- азық-түлік сатып алуға;

- өзге де тауарларды (грамоталар, ашық хаттар, конверттер, рамкалар) сатып алуға);

- ғимараттарды, үй-жайларды, жабдықтарды және басқа да негізгі құралдарды ұстауға, оларға қызмет көрсетуге, ағымдағы жөндеуге;

- коммуналдық қызметтерді, байланыс қызметтерін төлеуге;

- кадрлардың біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға;

- жеке және заңды тұлғалардың қызметтеріне ақы төлеуге;

- салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге;

- басқа да ағымдағы шығындарға (іс-шараларды өткізу: Қарттар күні, Наурызды мерекелеу, жас мамандарды құрметтеу, спорттық іс-шараларды өткізу);

- күрделі сипаттағы шығындарға ақылы қызметтер көрсетуден алынатын қаражаттың жалпы көлемінің 15% - ынан аспайды (медициналық жабдықтар сатып алу).

Бас үнемдеуші



С.К.Бисимбаева

Юрисконсульт



М.И.Топоркова